



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2014» атты
IX халықаралық ғылыми конференциясы

IX Международная научная конференция
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2014»

The IX International Scientific Conference for
students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION-2014»

2014 жыл 11 сәуір
11 апреля 2014 года
April 11, 2014



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2014»
атты IX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
IX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2014»**

**PROCEEDINGS
of the IX International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2014»**

2014 жыл 11 сәуір

Астана

УДК 001(063)
ББК 72
Ғ 96

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2014» атты студенттер мен жас ғалымдардың IX Халықаралық ғылыми конференциясы = IX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2014» = The IX International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2014».
– Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2014. – 5831 стр.
(қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-610-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001(063)
ББК 72

ISBN 978-9965-31-610-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университеті, 2014

2. Обладающие окрашивающим действием, которые нужно подбирать в зависимости от естественного цвета волос и желаемого оттенка, а также способности полностью закрашивать депигментированные волосы. Дело в том, что седину закрашивают и маскируют далеко не все красители для волос, как синтетические, так и натуральные.

Для светловолосых женщин можно рекомендовать ополаскивание волос отварами ромашки, мать-и-мачехи, одуванчика: эти средства возвращают естественный цвет светлым волосам и закрашивают седину.

Для русоволосых можно рекомендовать отвары липового цвета, которые также придают русым волосам приятный медный оттенок. Но у блондинок и светлых шатенок любые средства (в том числе заводские шампуни), содержащие отвар липового цвета, делают волосы темнее и придают рыжеватый оттенок. Ополаскивание русых волос отваром крапивы частично устраняет седину и придает депигментированным волосам более темную окраску, без дополнительных хроматических оттенков.

Окрасить волосы в интенсивно-рыжий цвет и полностью устранить седину можно с помощью отвара луковой шелухи или слоевищ пармелии. Эти средства позволят поддерживать естественный рыжий цвет для обладательниц природного феомеланина (красного пигмента) или при желании окрасить в такой цвет любые волосы, особенно светлые или седые. По нашим наблюдениям, пожилая женщина (возраст 83 года) с 60 лет окрашивала волосы отваром луковой шелухи, и многие соседи считали, что рыжий цвет волос является у нее естественным. Затем по нашей рекомендации она стала подкрашивать волосы отваром слоевищ пармелии блуждающей, в результате чего получила не менее стойкий оттенок окраски, полностью маскирующий возрастную седину.

Список использованных источников:

1. Петров А.А., Бальян Х.В., Троценко А.Т. Органическая химия. Учебник для вузов/Под ред. А.А.Петрова. – М.: Высшая школа, 1981. – 592 с.
2. Лавренова Г.В. Домашний травник. – М.: ЗАО «ОЛМА Медиа Групп», 2010. – 640 с.
3. Кортиков В.Н. Полная энциклопедия лекарственных растений /В.Н.Кортиков, А.В.Кортиков. – Ростов-на Дону: Феникс, 2008. – 797 с.
4. Лавренова Г.В. Полная энциклопедия лекарственных растений /Лавренова Г.В., Лавренова В.К. – М.: АСТ; Донецк: Сталкер, 2008. – 416 с.
5. Голиков А.Н., Базанова Н.У., Кожебеков З.К. и др.; Под ред. Голикова А.Н. Физиология сельскохозяйственных животных. 3-е изд., - М.: Агропромиздат, 1991. – 215 с.

УДК 581.6.42

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНДА ӨСЕТІН МИЯ ӨСІМДІК ТҮРЛЕРІНІҢ ЗЕРТТЕУДЕГІ ТИІМДІЛІГІ

Рахманова Акмарал Нуржановна

maral_nurzhan@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы, Еуразия Ұлттық Университетінің, жаратылыстану ғылымдар факультетінің, «Жалпы биология және геномика» кафедрасының 4 курс бакалавры
Ғылыми жетекші – А. Дукенбаева

Мия өсімдіктер түрінің адам денсаулығына емдік шипасы мол дәрілік шөп екені баршаға мәлім. Біздің дәуірімізге дейінгі 426-484 жылдары бұл дәрілік өсімдік жайлы ежелгі грек тарихшысы Геродоттың өзі мия тамырының мың сан дертке дауа екенін айтқан екен. Тіпті бұл шөптесін өсімдікті “Сақтың, яғни скифтердің алтын тамыры” деп еспеттепті. Ал қазіргі уақытта дамыған медицинада бұл көптеген дертке дауа екені дәлелденіп отыр. Мия

өсімдігінде көптеген биобелсенді заттар бар, бірақ ол терең зерттелмеген. Алайда Қызылорда облысында соңғы уақыттары оның азайып бара жатқаны аңғарылады. Оңтүстік аудандарында қызыл мия қазып, жерді оңды-солды аударып, бір күндік нәпақа үшін мың күндік зияндық жасаған жағдайлар орын алып жатты. Көрші облыстан келген кәсіпкерлер жергілікті тұрғындар күшін осындай әрекетке бұрып, қызыл мияның тай-тай орамын тайлаққа артқандай тасымалдап келді. Осындай контрабандалық жолдың алдын алу, ең бастысы, мия өсімдік түрлерін қорғауда тиімді мақсатқа сай жұмыс жүргізудің ретін табу негізге алынды [4].

Зерттеудегі мақсаты. Қызылорда облысында өсетін мия өсімдіктер түрілерінің - қызыл мия (*Glycyrrhiza glabra*), жылтыр мия (*Glycyrrhiza glabra*) өсімдіктеріне ботаникалық, фитохимиялық зерттеу жасау. Және де мия өсімдік түрлерінің тұқымын арнайы өсіріп, жапырағын, сабағын, тамырын зерттеп, олардан биобелсенді заттар алу. Олардың перспективті түрлерін және олардың қолдануын зерттеу, дәрілік қасиетін анықтау.

Дүние жүзінде мия өсімдігінің 20 түрі кездеседі. Ресейде 7 түрі, Еуразия және Америка елдерінде 15 түрі, ал Қазақстанда 5 түрі кездеседі, *Glycyrrhiza* L.-*G.aspera* Pall., *G.echinata* L.; *G.glabra* L.; *G.korshinskyi* Grig.; *G.uralensis* Fish.

Осы түрлердің барлығы Қызылорда облысында өседі [3].

Қолданылуы: Мия өсімдіктің түрлері қатты суық тигенде, қақырық түсіретін, жүрек сырқатына, асқазан мен он екі ішек жарасына, сондай-ақ психикалық аурулардан, фосфорлы дәрілерден, қорғасын әрсеннен уланғанда, бронхит, бронхоэктатикалық ауру, бронхтар шырышпен тығындалғандағы өкпе ателектазы, сондай-ақ аллергиялық ауруларды емдеуде, және тағы басқа ауруларды емдеуде қолданады [3, 4].

Мия туысы (*Glycyrrhiza* L. *Fabaceae* Lindl тұқымдасы) – бұршақ тұқымдасына жататын көп жылдық шөптесін өсімдіктер. Қазақстанның шөл, шөлейтті, далалы аймақтарында өсетін 5 түрі бар. Қызылорда облысының барлық аймақтарында кездеседі. Биіктігі 10 – 80 см-дей, тамыры жуан. Сабағы тік өседі, жапырақтар қандауыр тәрізді, қарама-қарсы орналасады. Гүлдері көк, күлгін түсті, селдір шашақ гүлшоғырына топтасқан. Тұқымы арқылы немесе вегетативті жолмен көбейеді. Маусым – шілдеде гүлдеп, шілде – тамыз айларында жеміс салады. Жемісі – қабықты бұршақ. Бұл өсімдік жылына бірнеше жүздеген ұрық салады. Тұқымы топырақта 2 – 3 жылға дейін тіршілігін жоймайды. Қызыл мия және миятамыр деген түрлерінің тамырында гликозид, сахароза, эфир майы, органикалық қышқылдар, минерал тұздары бар. Сондықтан оларды медицинада, темекі және тамақ өнеркәсібінде қолданады. Жапырағы, сабағы мал азығы ретінде пайдаланылады [3].

Мия дәрілік өсімдік еліміздің Сырдария, Жайық, Іле, Шу, Қаратал өзендері алқаптарында өседі. Оның ішінде қызыл мия Қызылорданың барлық аймағында кездеседі. Дәрігер мамандардың пайымдауынша қызыл мияның тамырында гликозид, сахароза, эфир майы, органикалық қышқылдар, минерал тұздары, қызыл мия қышқылы, күрделі қанттар және крахмал сынды көптеген дәрумендер бар [1].

Қызыл мия (*Glycyrrhiza glabra*). Бұл – көп жылдық шөп тектес өсімдік. Биіктігі 100-30 сантиметр. Сыртқы қабығы қызыл қоңыр немесе қара қоңыр түсті, дәмі ащы, сабағы тік, жұмыр әрі жуан, түп жағы ағаш тектес, жоғарғы жағы көп бұтақты болады. Тақ қауырсынды күрделі жапырақтары кезектесіп орналасады. Бір қатарда жұмыртқа формалы, не сопақша немесе бүтін жиекті 7 ден 17-ге дейін ұсақ жапырақшалары болады. Шашагүл шоғыры сабақ қолтығында өседі. Гүлі көбелек формалы, көгілдір немесе қызғылт көк түсті, бадана жемісі орақ тәрізді имек, қоңыр түсті, сыртында жиі тікен түкшелері болады. Құмды жерлерде, шаппалықтарда, өзен бойларында, топырақты аймақтарда өседі. Тамырында глюкоза (0,6 – 15,2%); фруктоза (0,3 – 4,1%); сахароза (0,3 – 20,3%); мальтоза (0,1 – 0,6%); крахмал (34%) бар, сонымен қатар органикалық қышқылдар, эфир майлары, глицирризин қышқылы, фенолкарбон қышқылдары және олардың туындылары (кумарин, флавоноид, тері

илегіш заттар, жоғарғы алифатты көмірсутектер және спирттер) болады [1,3].

Жылтыр қызыл мия (*Glycyrrhiza glabra* L.) - көпжылдық шөптесін өсімдік. Оның өсу деңгейі топырақ құнарына қарай 30 см-ден бір метрге дейін көтеріледі. Бүкіл сабағы жұмсақ түкті келеді. Тамыры көген тәрізді жұмыр әрі жуан, сыртқы қабығы қызыл қоңыр болып, тереңге созылып өседі. Дәмі тәтті, сабағы тік, түп жағы бұта тектес, жоғарғы жағы көп бұтақты келеді. Жапырақтары қарама-қарсы кезектесіп орналасады. Жапырақ формасы жұмыртқа тәрізді, бүтін жиекті келеді. Гүл шоғыры сабақ қолтығында көбелек сияқты, көгілдір түсті келеді. Ұрығы имек қынаптың ішінде тұрады. Қынаптың сыртын жұмсақ түкшелер басып тұрады.

Қазіргі уақытта, біз қызыл мия мен жылтыр мия өсімдіктер түрлерін салыстырып, зертеудеміз. Мия өсімдіктер түрлерінің 1000 тұқымының орташа массасын анықтауда С.С. Лищуктың әдісін қолдандым (Лищук, 1991) [2]. Ал, тұқымдарды өсіру үшін М.С. Зорин мен С.П. Кабановтың әдіс- тәсілдеріне сүйеніп, тұқымдарды лабораториялық жағдайда үш реттен қайталап,тұқымдарды Петри табақшасында өсірдім (Зорина және т.б., 1987). Алдымен Петри табақшасын тазалап жуып аламыз, оның ішіне екі қабат фильтр қағазын кесіп саламыз,оның үстіне аз мөлшерде дистилденген су құйып, тұқымды егіп қойдым. Арадан 4-5 күн өткен соң өскін өсіп шықты. Өскінді күнделікті және өсіндегі биологиялық ерекшеліктерін бақылап,суретке түсіріп жүрмін [1].



А



В



С

1-сурет. *Glycyrrhiza glabra* өсімдігінің тұқымының өсіп-өнуіндегі биологиялық ерекшеліктері: А- тұқымның көлемі мен ені; В-тұқымның салмағын өлшегендегі көрінісі; С- өскін.

Қорыта айтқанда, тұқымдарды миллиметровкамен өлшеп, оларды (ірі,орташа,кіші) ені мен көлемін бойынша өлшеп, ортақ ені мен көлемін анықталды.Тұқымдардың ішінен жарамсыздарын алып, жарамды тұқымдармен салыстырып, тұқымдарға зиянын тигізген зиянкестерді арнайы сақталып, түрлері анықталып жатыр. Мия өсімдік түрлерінің Лищук әдісі бойынша 1000 тұқымының (ірі,орташа,кіші) орташа массасын анықтап, тұқымды лаборатория жағдайында өсіріп,оның өсудегі биологиялық ерекшелігін бақылап жатырмыз. Мия өсімдік түрлерінің тамырларының, жер үсті бөлімдерін микроскопиялық және анатомиялық салыстырмалы зерттеулер жүргізіп жатыр.

Қолданылған әдибиеттер:

- 1.Зорина М.С., Кабанов С.П. Определение семенной продуктивности и качества семян интродуцентов // Методики интродукционных исследований в Казахстане Сб. научн. трудов. Алма-Ата: Наука, 1987. С.75-85.
- 2.Лищук С.С. Методика определения массы семян // Ботанический журнал, 1991. Т. 74. № 11.С. 1623-1624
3. «Биология. Современная иллюстрированная энциклопедия.» Гл. ред. А. П. Горкин; М.: Росмэн, 2006.).
- 3.<http://kk.wikipedia.org/wiki/>. "Сыр елі энциклопедиясы".
4. <http://bilimdiler.kz/gilim/2160>.